

**Гаипова Алина**  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
филология факультетінің 4-курс студенті

*Ғылыми жетекші:*  
*ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор*  
*Тұрсынова М.А.*

## **ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕР КІСІ ЕСІМДЕРІ ҚОЙЫЛУЫНДАҒЫ КЕЙБІР УӘЖДІЛІКТЕР**

Дүние есігін жаңа ашып, өмір табалдырығынан енді ғана аттай бастаған нәрестеге жарасымды, айшықты ат беру – ежелден келе жатқа халықтық мәні зор дәстүр. Иә, адам есімі өзі өмір сүрген қоғаммен, қоршаған ортамен тығыз байланысты. Тарихта талай әлеуметтік істердің, қоғамдық құбылыстар мен ірі оқиғалардың адам есімімен аталып, кейінгі ұрпаққа, тарихқа мәлім болып жүргені осының айғағы.

Егер есімдердің дәуір, қоғам өміріне қарай даму, қоғам толысу, өзгеру сырына ден қойып, айрықша зер салсақ, онда ұлтымыздың әр кезеңдегі тарихи дәуірлердегі рухани және мәдени өмірінен мол мағлұматтар аламыз.

Өзбек ерлерінің есіміне тоқталып кетсек. Түркі тілінен шыққан есімдерді Ислам діні шетке ысырғанмен, жойып жібере алмады: өткен ғасырдың бас кезінде шамамен өзбек халқының 5 % сақтап қалған болатын. Ислам дінімен енген есімдердің көбі діни идеялармен байланысты. Ең жиі қойылған ат – Мухаммад (Ислам дінін қалаушы) еді. Сонымен қатар, құрамдас аттар да жиі кездесе бастады. Олар: Мухаммадкарим (Мухаммадкарим, Muhammadkarim), Турсунмурад (Турсунмурад, Tursunmurod).

Әсіресе бірінші бөлігінде – абд қосымшасы бар есімдер жиі ұшырасты. Араб тілінен аударғанда «кұл» деген мағынаны береді. Мысалы: Абдуллахид (Абдуллахид, Abdurrashid) – Даналықтың құлы, Абдуллах (Абдуллах, Abdullah) – Алланың құлы деп аударылады.

Екінші бөлігіне -дин қосымшасы «дін, сенім» немесе -улла қосымшасының жалғануы «Алла» деген мағынаны береді. Мысалы: Сайфуддин (Сайфуддин, Sayfuddin) – діннің қылышы болса, ал Фатхуллах (Фатхуллох, Fathulloh) – Алланың жеңісі

Батырлық, батылдық тәрізді қасиеттерге нұсқайтын есімдер. Олар: Арслон (Арслон, Arslon) – Арыстан, Пулат (Пұлат, Po'lat) – Болат, Мурод (Murod) – Мұрат, Кудрат (Kudrat) – Құдірет, Кувват (Quvvat) – Қуат.

Шығыс аңыздары мен ертегілерінің кейіпкерлері және тарихи тұлғалардың есімдері. Олар: Юсуф (Юсуф, Yusuf), Фархад (Фарход, Farhod), Тахир (Тохир, Tohir), Искандер (Искандар, Iskandar) (Александр Македонский), Мухаммад (Мухаммад, Muhammad).

Тушкилт деген чуваш есімі көне түркі тілінде туш (дос) және килче (құрдас) деген екі компоненттен тұрады. Бұл есім бала туылып жатқан үйге, ата-анасының құрбы-құрдастарының келуіне байланысты ырымдап қойылады.

Ильпарас есіміндегі парас деген компонент чуваш тілінен аударғанда жолбарыс деген мағынаны береді. Балаларға жолбарыс сияқты мықты, шапшаң, өзін қорғай білетін қасиеттер болсын деген ырыммен қояды.

Юманкка, Йуманкка есімін дүниеге келген сәбидің денсаулығы мықты болсын, ауырмасын деген ниетпен қояды.

Сапат есімін араб тілінен аударғанда жігерлік, қайраттылық, қажырлық, табандылық деген мағынаны береді. Сол себепті бұл есімдерді балаларына ырымдап қояды. Ителмес есімін балаға ешкім, тіпті ит те қастандық жасамасын деген ырыммен қояды.

Башқұрт тіліндегі Алмас деп татар тілінің есімін көбінесе бала ауырмас үшін және де жаман күштердің әсерінен сақтап қалу мақсатымен қояды. Бәхет араб тілінен аударғанда «бақыт» деген мағынаны береді. Бұл есімді балаға бақытты өмір сүрсін деген ниетпен береді.

Маснави – Құраннан алынған араб тіліндегі мағынасы «Берер» деген есім. Бір үйде екі ұл бала болса, екінші туған балаға осы есімді қоятын көрінеді. Үзбек – ер есімі болып есептеледі. Елдің атауы болса да, ерлерге осы есім қойылады екен. Түркі тілінен аударғанда «Өмір» деген мағынаны білдіреді. Арслан немесе Руслан түркі есімдері «арыстан» деп, Артур мен Рудольф – аю, Хайдар араб тілінен – арыстан, Асад пен Асат араб тілінен аударғанда арыстан деген мағынаны береді. Миннулла деген араб түркі есімі көбінесе, меңімен ерекшеленетін балаларға қойылып отырған. Ал Райхан деген қыздар мен ер балаларға қойыла беретін ортақ есім екен. Араб тілінен аударғанда рақаттану деген мағынаны береді.

Райхан есімі флорамен байланысты есім болып саналады. Флер, Флор, Флорис, Флорид бұл есімдер гүлдің атауынан пайда болған. Нугман деген гүлдің бір түрі, араб тілінен аударғанда қызыл, жақсылық, жарылқаушылық деген мағынаны береді. Ал әдемілікті, сұлулықты шақыру мақсатымен мынандай есімдерді қояды екен. Олар: Хусаин, Хисан, Нафис, Джамиль, Джамаль араб тілінен аударсақ, сымбатты, әдемі деген мағынаны білдіреді.

Татар тіліндегі Құтлықазан түркі-татар тілінің салт-дәтүріне байланысты қойылатын есімнің бірі. Қазан – бақытқа толы деген мағынаны береді. Балаға берекелі, бақытты өмір сүрсін деген ниеттен туған есім болып саналады. Қалды түркі-татар тілінен аман қалды, тірі қалды деген мағынаны береді. Көбінесе, жаман аурудан аман қалған ұл баларға қойылған.

Минле татар есімі меңімен, меңі бар деп аударылады. Басым көпшілігінде көпқұрамды есімдердің құрамында кездеседі. Меңі бар бала бақытты болады деген сенімнен осы есімді қояды екен. Мин – мең, Минле – меңімен деген деген компоненттерді әдеміліктің, сұлулықтың символы ретінде де пайдаланған. Диалектілік синонимі: Қал. Сары - көне татар есімі.

Түркі тілдерінің дамуына араб тілінің айтарлықтай әсер еткені туралы айтылған пікірлер де аз емес.

Араб тілінің ықпалы түркі тілдерінің бәріне бірдей, бір дәрежеде болмаған. Әзірбайжан, өзбек, татар тілдеріндегі арабизмдер сан жағынан көбірек және ертерек қабылданған болса, шығыс аймақтарға қазақ, қырғыз, т.б. түрік тілдеріндегі арабизм саны аз және кейінірек сол әзірбайжан, татар тілдері арқылы келіп жеткен. Әуелгі тілдер араб-ираннан енген сөздерді формасы мен мағыналық (семантикалық) бірлігін сақтай отырып, бастапқы қалпында қабылдаса, соңғы топтағы тілдерде бұл құбылыс керісінше болып отырған.

Араб тілінен енген сан алуан есімдер тіліміздің ішкі заңына толық бағынып, өздерінің бастапқы бет-бейнесін өзгертіп, фонетикалық та, грамматикалық та ірі өзгерістерге ұшырады.

Араб тілінен енген кісі есімдері, жоғарыда көрсетілгендей, фонетикалық әрі семантикалық тұрғыдан көптеген өзгерістерге ұшыраған. Тіпті, арабша бір ғана есімнің қазақ тілінде үш, кейде бес-ондаған нұсқалары болады. Олардың әрқайсысы өз алдына кісі есімі боп саналады. Әр алуан нұсқада қолданылып жүрген жарыспалы есімдердің бәрінің бірдей осы сөздікте беріліп отыруының сыры да сонда. Бұл араб текті есімдердің бір ғана жағы.

Ал екінші бір қызықты да ой тоқтатар ерекше жағы – бұл есімдердің мағыналық топтары. Оның біріншісі діни мазмұнды есімдер. Бұл өз ішінен екі топқа бөлінеді: а) мұсылман дінінің ұғымдары мен наным-енімдеріне: Асадолла – «Алланың арыстаны». ә) пайғамбар, әулие-әнбие, сахаба есімдері: Мухаммад – «мақталған, мадақталған». Екіншісі – араб тіліндегі жалпы есім сөздерден қойылған есімдер.

Башқұрт тіліндегі ер кісілердің есімдерінің басым көпшілігі мұсылмандарға тиесілі есімдер. Оның себебі: Ислам мәдениеті халыққа өте қатты әсер етті. Қазіргі көптеген заманауи башқұрт аттарының басым көпшілігі араб тілінің үстеулерінен енген. Ұақыт өте келе, олар біршама өзгерістерге ұшырады, дыбыстардың айтылу жағынан және де әлдеқайда заман талабына сай өзгерді. Ескеретін жайт, башқұрт тіліндегі ер адамға қойылатын мұсылмандық есімдер ер мінезділіктің нышаны, ал ол болса ержүректіліктің ажыратылмас бір бөлшегі саналады. Сондықтан болар беріктік, қайсарлық, мақсатқа жету, көшбасшылық

сынды қасиеттерге жақын болсын деген мағыналы есімдер көп. Мысалы, Сайфулла есімінің мағынасы « Алланың қылышы » болса, Ғази – «дін үшін күресуші» деген мағынаны береді.

Башқұрт ерлерінің есімдерін таңдаған кезде олардың мағыналарына баса назар аударыңыздар, осылайша, сіз балаңызға мінез қалыптастыруға өз сепіңізді тигізесіз. Мысалы: Сәбит есімінің мағынасы «беріктік». Сондай - ақ барқұрттарда өте көп есімдер бар, олар түрлі игілікті балаларының бойына сіңуіне өзіндік септігін тигізеді. Мысалы, Нағим есімінің мағынасы «молшылықта тұру», ал Мұбарак – «бақытты» деген мағынаны береді.

Татар тіліндегі ер кісілердің есімдеріне тоқтала кетсек, мағынасы жағынан сан алуан есімдер көптеп кездеседі. Татар тіліндегі көптеген адам есімдерінің түпкі тамыры түркі және көнетүркі тілі болып саналады. Соның ішінде Арслан және сол тектес Ерсұлан, Руслан, Бугарслан есімдері. Есімсөз – бірнеше топтан құралған адам аттары, басым көпшілігі жалқы зат есімдер мен сын есімдерден жасалған. Мысалы, Алтынбай есімі «бай, алтын» деген мағынаны білдіреді. Немесе Темірбек «күшті, темір сияқты мықты» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі заманғы татар есімдерінің басым бөлігін мұсылман халықтарының аттары құрайды. Олардың көпшілігі Ислам дінін қабылдау арқылы пайда болды. Бірақ барлық кірме есімдер уақыт өте келе татар халқының ерекшеліктерін ескере отыра бейімделді, өзгерді.

Ұйғыр тіліндегі есімдерінің құрамдық жүйесі қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт түркі тілдеріндегі есімдерінің құрамдық жүйесіне өте жақын болып келеді. Ислам дінімен ұйғыр тіліне, араб және парсы тілінен енген есімдердің ықпалы басымырақ. Мысалы: Азат есімін парсы тілінен аударғанда «асыл, еркін» деген мағынаны берсе, Азиз – араб тілінде «ұлы, қымбат», ал Бахтияр парсы тілінде «бақытты», Закир – араб тілінде «құдайды мадақтаушы», ал Кудрат араб тілінде «күш-қуат», Сухраб – парсы тілінде лағыл (рубин) деген мағынаны береді. Түркі тіліндегі ер есімдерін атап өтсек, Аркен (Еркін), Батур (Батыр), Турсун (Тұрсын, Аман қалған).

Ғаламтор мәліметтері арқылы кейбір түркі тілдес елдердегі 2023 жылы жиі қойылған ұл бала есімдерін төмендегідей көрсетуге болады:

Қазақстан Ұлттық статистика бюросы 2023 жылы сәбилерге қойылған ең танымал есімдер ондығын ұсынды.

Әлихан, Алдияр, Омар, Алан Әли, Нұрислам, Айсұлтан, Әмір, Рамазан, Мухаммад.

2021-2022 жылдар аралығында Нұрислам 3701, Ислам 2030, Мухаммад 1904, Муслим 1798 рет қойылған.

Елімізде кездесетін ерекше есімдер: Тәңір-Жомарт, Нұрпатшайым, Ахмет Байтұрсын, Ақ-тілек, Сүйкімді, Таңғажайып, Тәттім, Сұлтан Бейбарыс, Ару-Астана, Сұлубике, Абдусаиднұрисламхан, Адам Арман, Ақсақал Арыстанбек, Еділжайық, Ислам-Билял-Али, Кайраткер, Керімзат, Қошкелді, Кришна, Өміржалғас, Ромео, Саммидастана, Саша Александр Людовик, Тараз, Хазретсұлтан, Царь, Шаһ, Эверест, Адал би.

Қазақстанмен байланысты қойылған есімдер: Қазақстан, Нұр Сұлтан, Астана, Тәуелсіздік, Елбасы, Атазаң, Теңге.

Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда Гагарин есімді адам – 33, Маслихат – 27, Мәжіліс – 21, Нұрлыжол – 13, Пионер – 11, Нұротан – 9, Сенат – 7, Партия есімді – 7 адам, Комсомол – 7, Отан – 142, Маркс – 225, Сайлау – 2631 ерекше есімді адам бар [35].

2023 жылы жиі қойылған өзбек есімдері: Мухаммадали, Мухаммад, Абдуллох, Мустафо, Имронбек.

2023 жылдың жарты жылында ғана Мухаммадали есімі 9000-нан астам ұл балаға қойылса, қыздарға Салиха есімі де 9000-нан аса қойылған.

2023 жылы жиі қойылған түркімен есімдері:

Мухаммедали, Селим, Осман, Эмир, Сулейман, Абдурахман, Эмин, Давут, Омар, Сердар, Рахим, Арслан, Ахмед, Кемаль, Юсуп, Юнус.

2023 жылы жиі қойылған қырғыз есімдері: Межит, Эмиль, Керамат, Гудрат, Селжук, Тархан, Саламат, Билал, Салих, Хабиб, Эйюп, Дана, Амир, Эльман, Нуран.

2022 жылы ең жиі қойылған есім Мухаммад болған екен, яғни 4 537 балаға қойылған.

2023 жылы жиі қойылған татар есімдері: Амир (627), Тимур (533), Марк (435), Матвей (412), Карим (406), Артем (401), Мирон (295), Кирилл (284), Артур (277), Роман (260),

2023 жылы жиі қойылған әзірбайжан есімдері:

Али (1624), Юсиф (1548), Гусейн (1505), Угур (1486), Мухаммед (1098), Омар (980), Мурад (868), Рауль (741), Тунар (705), Айхан (696).

2023 жылы жиі қойылған түрік есімдері:

2022 жылы Түркияда 47 975 бала өмірге келіп, Юсуф есімі 7 134, Альпарслан 6 304, Мирач 5 777 рет қойылған. Сонан кейінгі ондыққа кіретіндер: Омер, Асаф, Эймен, Гектуг, Мустафа, Арас, Али.

2023 жылы жиі қойылған якут (саха) есімдері:

Өмірге келген 4560 ұл баланың 161-не Артем есімі берілген, 114 – Александр, 112 – Тимур. Ондыққа Максим, Даниил, Марк, Артур, Михаил, Лев, Иван есімдері кірген.

Якуттар ұлдарға қойылған ерекше есімдерге Андерсон, Антуан, Билл, Атаман, Гектор, Космос, Лео, Марс, Оливер, Оскар, Султан сияқтыларды жатқыза, қос есім берілгендерге Афанасий-Уран, Давид-Кундул, Дамир-Хаан, Тимур-Сатал, Николай-Сэргэ т.б. жатқызады.

2023 жылы жиі қойылған башқұрт есімдері: Амир, Артем, Владислав, Глеб, Данил, Егор, Ислам, Карим, Кирилл, Лев, Матвей, Никита, Роман, Платон, Самир, Тимур, Эмир, Ярослав.

Ал ерекше есімдер ретінде Алистар, Авдей, Багдан, Бьёрн, Варсель, Велимир, Гавриил, Давлад, Ермак, Златан, Илларион, Корней, Максимилян, Натаниэль, Одиссей, Патрикей, Роланд, Сабриэль, Теодор, Эдвард, Эрамир аталған.

Адам есімдерінің қоғам құрылысына байланысты дамып отырғанына көз жеткіземіз. Қоғам дами түскен сайын дамып, қоғам құрылысы күрделене түскен сайын күрделе отырып, қоғам ағымына сай өзгертіледі. Антропонимдер мен антропонимиялық жүйе қоғамның құрылысына, оның дамуына сәйкес өзгеріп, түрленіп қоғамдық талаптарға жауап беріп отырады.

Әрбір халықтың ұлттық антропонимиялық қоры сол халықтың ұлттық тарихына, тіліне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дініне, дүниетанымына және тағы да басқа өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты қалыптасады. Көп халықтың адам аттары мен лақап аттарының табиғи түрде қалыптасуы жалпы есімдерді лайықтау, бейімдеу арқылы пайда болған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы, 2009. – 552 б.
2. Досжанов Б. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер. – Астана, 2001. – 50 б.
3. Жанғабылова З. Етістік тұлғалы антропонимдер (түрік және қазақ тіл деректері негізінде). – Алматы, 2002. – 129 б.
4. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. – Ташкент, 1965. – 118 с.
5. Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. дисс. Авторефераты. – Алматы, 2005. – 26 б.
6. Басқаков Н.А. Имена половцев и названия половецких племен в русских летописях // Тюркская ономастика. – Алма-Ата:Наука, 1984. – С. 75-76.
7. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. – 110 с.
8. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука. 1984. – 205 с.
9. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 147 б.